

WPK

ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША КӨШІ-ҚОН ДАЙДЖЕСТІ

Қаңтар 2024



ҚР ІІМ Көші-қон қызметі комитетімен серіктестікте

Мазмұны

Кіріспе.....	3
Шетел азаматының болуы туралы хабарлама	4
Біржақты тәртіптегі визасыз режим.....	5
Визасыз режим (екіжақты келісім)	6
Визалық режим	7
Виза санатын өзгерту	8
Виза рәсімдеудің жеңілдетілген үрдісі	9
Виза бажы	10
Электрондық виза (e-visa).....	11
Уақытша тұруға рұқсат.....	12
Консулдық заңдастыру және апостиль қою	13
Әкімшілік құқық бұзушылықтар	14
Нормативтік-құқықтық база.....	15
WPK компаниясы туралы	16

Кіріспе

Осы дайджестті Қазақстандағы негізгі көші-қон ережелері бойынша WPK кеңесшілері дайындады.

Сіз мұнда шетел азаматтарының Қазақстан Республикасына келу және болу тәртібі, Мемлекеттік баждар мен әкімшілік айыппұлдар мөлшерлемелері туралы өзекті ақпаратты таба аласыз. Егер сіз Қазақстанға баруды немесе шетелдік қызметкерлерді, іскерлік мақсатпен келушілерді, туыстарыңызды шақыруды жоспарласаңыз, онда ұсынылып отырған материал сізге пайдалы болады деген үміттенеміз.

Сайттағы қосымша ақпараттар wpk.kz QR сілтемесі бойынша.



Құрметпен,
WPK командасы

1. Шетелдік азаматтың келуі туралы хабарлама

Қолданыстағы ережелерге* сәйкес, қабылдаушы тарапы шетелдіктің Қазақстанға келгені, сондай-ақ тұрғылықты жерінің ауысқаны туралы көші-қон қызметін хабардар етуге міндетті. Мұны шетелдік азаматы келген күннен бастап 3 жұмыс күні ішінде орындалуы қажет.

Хабарлама барлық жағдайларда – виза бойынша немесе визасыз режим шеңберінде беруілуі талап етіледі. Хабарламаны қабылдаушы тарап береді. Шетелдік азаматының өзі көші-қон қызметіне жүгінудің қажеті жоқ.

Хабарламаны бірнеше жолмен беруге болады:

- визалық-көші-қон порталы арқылы онлайн vmp.gov.kz
- электрондық ақпараттық жүйе арқылы eQonaq.kz

Маңызды: хабарламаны уақтылы берілмеуі, қабылдаушы Тарапқа АЕК** 10-нан 20-ға дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады. Бір жыл ішінде ережені қайтадан бұзылғаны анықталған жағдайда, визалық шақыруларды ресімдеуге 1 жылға тыйым салуға әкеп соғады***.

**Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келуінің және онда болуының, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кетуінің қағидаларының 9-тармағы*

***ӘҚБтК 518-бабы*

****Халықтың көші-қоны туралы Заңның 48-бабы*

2024 жылғы айлық есептік көрсеткіш (АЕК) - 3 692 теңге.

2. Біржақты тәртіптегі визасыз режим

ҚР-на кіру үшін 53 елден келген шетелдік азаматтарға виза талап етілмейді. Сіз визасыз режимді Қазақстанға туристік, қонақ және іскерлік мақсаттармен бару үшін пайдалана аласыз.

Жеңілдетілген визасыз кіру 30 күнтізбелік күн бойына бүкіл ел бойынша еркін жүруге және қозғалуға мүмкіндік береді. Ол үшін жарамды төлқұжаттың болуы жеткілікті.

Маңызды: Қазақстанда болудың жиынтық мерзімі әрбір 180 күндік кезең ішінде 90 күнтізбелік күннен, ал бір күнтізбелік жыл ішінде 120 күннен аспауға тиіс. Ұзақ болу үшін тиісті визаны рәсімдеуді ұсынамыз.

53 визасыз режимдегі елдер			
Аустралия	Франция	Люксембург	Сингапур
Аустрия	Германия	Малайзия	Словакия
Бахрейн	Грекия	Мальта	Словения
Бельгия	Венгрия	Мексика	Испания
Болгария	Исландия	Монако	Швеция
Канада	Индонезия	Нидерланд	Швейцария
Чили	Ирландия	Жаңа Зеландия	Таиланд
Колумбия	Израиль	Норвегия	Ұлыбритания
Хорватия	Италия	Оман	АҚШ
Кипр	Жапония	Филиппин	Ватикан
Чехия	Кувейт	Польша	Вьетнам
Дания	Латвия	Португалия	
Эстония	Лихтенштейн	Румыния	
Финляндия	Литва	Сауд Арабиясы	

ҚР-на кірудің визасыз режимі

ҚР-на сапардың мақсаты
 - іссапар
 - туристік
 - жеке




























Визасыз режим шеңберіндегі еңбек қызметіне тыйым салынады

Болу кезеңі
 30 күнге дейін (жиынтығынан артық емес 180 күн ішінде 90 күн, бірақ бір күнтізбелік жыл ішінде 120 күннен аспайды)

Визалық калькулятор
 Мұнда сіз Қазақстанда болған күндер санын оңай әрі тез есептей аласыз

14 күн визасыз болу. 2 ел		
Иран	ҚР-на кіру визасыз	Визасыз режим шеңберінде еңбек қызметіне тыйым салынады
Үндістан	ҚР-на сапардың мақсаты - іссапар - туристік - жеке	Болу кезеңі 14 күнге дейін (180 күн ішінде 42 күннен аспайды)
		ҚР-да болу мерзімін ұзартуға жатпайды

3. Екіжақты келісім шеңберіндегі визасыз режим

Ұлттық паспорт бойынша	ҚР-на кіру	Рұқсат етілген болу мерзімі
ЖАҚЫН ШЕТЕЛ		
 АЗЕРБАЙДЖАН	визасыз	90 күнге дейін немесе УТР мерзімі
 АРМЕНИЯ	визасыз	90 күнге дейін немесе УТР мерзімі
 БЕЛАРУСЬ	визасыз	90 күнге дейін немесе УТР мерзімі
 ГРУЗИЯ	визасыз	90 күнге дейін немесе виза мерзімі
 КЫРГЫЗСТАН	визасыз	90 күнге дейін немесе УТР мерзімі
 МОЛДОВА	визасыз	90 күнге дейін немесе виза мерзімі
 РОССИЯ	визасыз	90 күнге дейін немесе УТР мерзімі
 ТАДЖИКИСТАН	визасыз	90 күнге дейін немесе УТР мерзімі
 УЗБЕКИСТАН	визасыз	90 күнге дейін немесе УТР мерзімі
 УКРАИНА	визасыз	180 күн ішінде 90 күнге дейін немесе виза мерзімі
АЛЫС ШЕТЕЛ		
 АЛБАНИЯ	визасыз	бір жыл ішінде 90 күнге дейін немесе виза мерзімі
 АНДОРРА	визасыз	90 күнге дейін немесе виза мерзімі
 АРГЕНТИНА	визасыз	бір жыл ішінде 30 күнге дейін немесе виза мерзімі
 БАЭ	визасыз	30 күнге дейін немесе виза мерзімі
 БРАЗИЛИЯ	визасыз	бір жыл ішінде 30 күнге дейін немесе виза мерзімі
 ГОНКОНГ	визасыз	14 күнге дейін немесе виза мерзімі
 ДОМИНИКАН РЕСПУБЛИКАСЫ*	визасыз	60 күнге дейін немесе виза мерзімі
 КАТАР	визасыз	30 күнге дейін немесе виза мерзімі
 КОРЕЯ	визасыз	30 күнге дейін, бірақ әр 180 күндік кезеңде 60 тәуліктен аспайды немесе виза мерзімі
 ҚЫТАЙ	визасыз	30 күнге дейін немесе виза мерзімі
 МАЛЬДИВ АРАЛДАРЫ	визасыз	30 күнге дейін немесе виза мерзімі
 МАҢҒОЛИЯ	визасыз	90 күнге дейін немесе виза мерзімі
 САН-МАРИНО	визасыз	90 күнге дейін немесе виза мерзімі
 СЕЙШЕЛ АРАЛДАРЫ*	визасыз	30 күнге дейін немесе виза мерзімі
 СЕРБИЯ	визасыз	30 күнге дейін немесе виза мерзімі
 ТУРКИЯ	визасыз	30 күнге дейін немесе виза мерзімі
 ЭКВАДОР	визасыз	әр 180 күндік кезең ішінде 30 күнге дейін немесе виза мерзімі

*нормативтік-құқықтық актілерді бекіту сатысында

4. Визалық режим

Сізге сапарыңыздың мақсатына және Қазақстанда болу мерзіміне байланысты виза қажет болуы мүмкін. Мысалы, кеңес беру қызметін көрсету аясындағы сапар үшін В2 санаттағы виза қажет.

Төменде Қазақстанда ресімделетін визалардың ең көп таралған санаттары келтірілген:

A5 инвесторлық	Көп мәртелік виза ҚР аумағында 3 жылға дейін және оны 5 жылға дейінгі мерзімге ұзарту құқығымен беріледі
B1 іссапар	Бір мәртелік виза 90 күнге дейін беріледі (60 күнге дейін қалу құқығымен). Көп мәртелік виза-1 жылға дейін (әр келген сайын 60 күнге дейін).
B2 іссапар	Бір мәртелік виза 90 күнге дейін беріледі (30 күнге дейін қалу құқығымен). Көп мәртелік виза - 180 күнге дейін (90 күнге қалу құқығымен).
B3 іссапар	Бір мәртелік виза 30 күнге дейін болу құқығымен 90 күнге дейін беріледі. Көп мәртелік виза-1 жылға дейін (әр келген сайын 30 күнге дейін)
B8 тұруға ықтиярхат алу үшін	Виза қосымша 30 күнге ұзарту құқығымен 90 күн мерзімге беріледі
B10 жеке	Бір мәртелік виза 90 күнге дейінгі мерзімге беріледі (визаның барлық мерзімінде болу). Көп мәртелік -180 күннен 3 жылға дейінгі мерзімге (әр келген кезде 90 күнге дейін болу)
B12 туристік	Бір мәртелік виза 90 күнге дейін (30 күнге дейін болу) беріледі. Көп мәртелік -90 күнге дейін (әр келген кезде 30 күнге дейін болу)
C2 отбасының қосылуы	Бір мәртелік виза 90 күнге дейін беріледі. Көп мәртелік виза-1 жылға дейін.
C3 жұмыс визасы	Бір мәртелік виза 1 жылдан 3 жылға дейінгі мерзімге беріледі
C5 бизнес иммигранттар үшін	Бір мәртелік виза 90 күнге дейінгі мерзімге беріледі (визаның барлық мерзімінде болу). Көп мәртелік виза-2 жылға дейін.
C9 оқуға	Бір мәртелік виза 90 күнге дейінгі мерзімге беріледі (визаның барлық мерзімінде болу). Көп мәртелік виза-1 жылға дейін.
C11 кәмелет жасқа толмағандар	Бір мәртелік виза 1 жылға дейін беріледі . Көп мәртелік виза - 3 жылға дейін.



ҚР визаларының жіктелуі туралы толығырық ақпаратты біздің сайттан біле аласыз

4.1 Виза санатын өзгерту

Қолданыстағы көші-қон қағидаларында шетелдіктің Қазақстаннан шықпай-ақ бір санаттағы визаны екіншісіне өзгерту мүмкіндігі қарастырылған.

Виза беруді ҚР ИІМ жүзеге асырады

Рәсімделетін виза	Қандай санатқа рәсімдей аласыз							
C3 жұмыс визасы	B2 іссапар үшін	B3 іссапар үшін	B7* оқу тәжірибесінен немесе тағылымдамадан өту үшін	B10 жеке сапар үшін	C2 отбасының қосылуы	C3* жұмыс визасы	C9 білім алу үшін	C10 жеке сапар үшін (этникалық қазақтар)
A5 инвесторлық виза	B3 іссапар үшін	B10 жеке сапар үшін	C3 жұмыс визасы	C4 өзін-өзі жұмыспен қамту үшін	C5 бизнес иммигранттар үшін	C10 жеке сапар үшін (этникалық қазақтар)		
C4 өзін-өзі жұмыспен қамту үшін	B10 жеке сапар үшін	C2 отбасының қосылуы	C9 білім алу үшін	C10 жеке сапар үшін (этникалық қазақтар)				
C2 отбасының қосылуы	B10 жеке сапар үшін	C3 жұмыс визасы	C9 білім алу үшін					
B2 іссапар үшін	B3 іссапар үшін	B7 оқу тәжірибесінен немесе тағылымдамадан өту үшін	C3 жұмыс визасы					
B7 оқу тәжірибесінен немесе тағылымдамадан өту үшін	C9 білім алу үшін							
B8 ҚР-да тұрақты тұру үшін	C3 жұмыс визасы							
C1 ҚР-да тұрақты тұру үшін	Визалардың барлық санаттары (этникалық қазақтар)							
C9 білім алу үшін	Визалардың барлық санаттары (этникалық қазақтар) және визасыз режим бойынша келгендер							
C12 емделу үшін	Визалардың барлық санаттары және визасыз режим бойынша келгендер							

*B7- "Astana Hub" бағдарламалары бойынша оқыту кезінде
*C3- шақырушы тарапты (жұмыс берушіні) ауыстырған кезде

4.2 Визаны рәсімдеудің жеңілдетілген үрдісі

Қолданыстағы тәртіп бойынша виза Қазақстандық тараптың шақыруы негізінде ресімделеді. Алайда, мұндай шақыру 48 елдің* азаматтарына келесі санаттағы 30 күнге дейінгі бір мәртелік виза алу үшін қажет емес:

- А3 қызметтік
- В1, В3 іссапар
- В10 жеке
- В12 туристік

Бұл сіздің виза алу үшін Қазақстан тарапынан шақыру хатынсыз тұрғылықты елдегі Қазақстан консулдығына жүгіне алатыныңызды білдіреді.

*48 экономикалық дамыған және саяси тұрақты елдер

Аустралия	Ирландия	Мальта	Словакия
Аустрия	Исландия	Монако	Словения
Бельгия	Испания	Нидерланд	АҚШ
Болгария	Италия	Жаңа Зеландия	Финляндия
Бразилия	Канада	Норвегия	Франция
Ұлыбритания	Катар	БАЭ	Хорватия
Венгрия	Кипр	Оман	Чехия
Германия	Латвия	Польша	Швейцария
Грекия	Литва	Португалия	Швеция
Дания	Лихтенштейн	Румыния	Эстония
Израиль	Люксембург	Сауд Арабиясы	Оңтүстік Корея
Иордания	Малайзия	Сингапур	Жапония

4.3 Виза бажы

Төменде ағымдағы жылдың Қазақстандық визаларды ресімдеу үшін салынатын мемлекеттік баждардың кестесі келтірілген.

Мемлекеттік баж мөлшері айлық есептік көрсеткіште (АЕК) көрсетілген.

Рәсім	Мемлекеттік
Визаға шақыру хатын ресімдеу	0,5 АЕК
ҚР аумағында көп мәртелік виза беру	30 АЕК
ҚР аумағында көп мәртелік визаның қолданылу мерзімін ұзарту	30 АЕК
Шығу визасын ресімдеу (визаның күшін жою)	0,5 АЕК
Тұруға ықтиярхат алу мақсатында В8 санатты виза беру	7 АЕК (бір мәртелік) 30 АЕК (көп мәртелік)

2024 жылғы айлық есептік көрсеткіш (АЕК) - 3 692 теңге.

Ескерту: ҚР-ның шет елдердегі мекемелерінде виза берілгені үшін консулдық алымдардың мөлшерлемелері өзгеріссіз қалды:

Бір мәртелік виза - \$80

Көп мәртелік виза - \$200 (1 жылға)

4.4 Электрондық виза (e-visa)

Қолданыстағы ережелер бойынша 109 елдің азаматтары* Қазақстанға электрондық визаны ресімдей алады.

Электрондық визаны алу үшін шетел азаматтарына Қазақстандық тараптың (қабылдаушы тұлғаның) шақыру хаты қажет болады. Шақыру хат виза алушыға ғана жарамды, еріп жүретін адамдарға қолданылмайды және Қазақстан Республикасының аумағында ұзартылмайды.

Электрондық визаны алу vmp.gov.kz визалық-көші-қон порталы арқылы жүзеге асырылады.

E-Visa үшін келесі бір мәртелік виза санаттары бар:

B1, B2, B3 іссапар	30-дан 60 күнге дейін болу
B12 туристік	30 күнге дейін болу
C12 емделу үшін	90 күнге дейін болу

Назар аударыңыз:

- Қазақстанға электронды виза арқылы тек әуе рейсімен келуге болады
- шекаралық бақылаудан өтерде және елде болған кезде Сізде ұлттық паспорт пен электронды виза баспа түрінде болуы қажет
- қабылдаушы тарап Сіздің Қазақстанға келгеніңіз туралы (келген күнінен бастап 3 жұмыс күні ішінде) көші-қон қызметіне хабарлама беруі қажет
- паспортты ауыстырған кезде электрондық визаны қайта алу қажет

**елдердің тізімін және электрондық виза туралы қосымша ақпаратты QR-код арқылы табуға болады*



5. Уақытша тұруға рұқсат (УТР)

Уақытша тұруға рұқсат ТМД елдерінің азаматтарына* беріледі.

УТР келесі мақсаттар үшін 1 жылға дейінгі мерзімге беріледі:

- еңбек қызметі (Еңбек шарты және АҚС шарты (ЕАЭО елдері үшін), жұмысқа рұқсат, еңбек патенті негізінде)
- бизнес-иммигрант ретінде кәсіпкерлік қызмет
- отбасының қосылуы
- оқу
- емделу
- миссионерлік қызмет

Рұқсатты қабылдаушы тарап (жеке немесе заңды тұлға) ХҚКО-да шетел азаматының келгені туралы хабарлама (4-бетті қараңыз) және ЖСН** болған кезде ресімдейді. 16 жасқа дейінгі балаларға УТР қажет емес. Шетелдік азаматтың өзімен бірге еріп жүретін жұбайына (зайыбына), сондай-ақ 16 жастан асқан балаларға УТР ресімдеу қажет.

Маңызды:

- Қазақстаннан шыққан жағдайда, УТР өзінің қолданысын ресімделген мерзімнің соңына дейін сақтайды. Елге келесі рет кірген кезде, УТР-ді қайта рәсімдеудің қажеті жоқ.
- паспортты ауыстырған жағдайда ЖСН өзгертілуі тиіс

*Грузия, Молдова және Украинадан басқа. Бұл елдердің азаматтарына виза қажет.

**ЖСН шетелдікке банктік шот ашу, ҚР аумағында жалақы алу, ЭЦҚ ресімдеу, мемлекеттік қызметтерді алу, Мемлекеттік баждарды, консулдық алымдарды және өзге де төлемдерді төлеу үшін қажет.де төлемдерді төлеу үшін қажет.



Мұнда сіз Қазақстанда болған күндер санын оңай әрі тез есептей аласыз

6. Қазақстанда құжаттарды апостильдеу және консулдық заңдастыру

Қазақстаннан шыққан ресми құжат шетелде жарамды болуы үшін оны Қазақстанда алдын ала заңдастыру қажет.

Ресми құжаттарды заңдастырудың екі түрі бар:

- консулдық заңдастыру
- апостиль қою

Құжаттарды консулдық заңдастыру Гаага Конвенциясына қосылмаған елдерге қажет. Мысалы Мысыр, БАӘ, Катар, Кувейт, Тайланд, Вьетнам және т. б

Апостиль – 1961 жылғы 5 қазандағы Гаага конвенциясына қосылған елдер арасындағы құжаттарды заңдастырудың жеңілдетілген процедурасы.

Келесі қазақстандық үлгідегі құжаттарды басқа мемлекетке ұсыну үшін заңдастыруға немесе апостиль қоюға болады:

- білім туралы диплом (қосымшаны қоса алғанда)
- университеттің мұрағаттық анықтамасы
- жалпы орта білім туралы аттестат
- неке қию, баланың тууы туралы куәлік
- неке құқығы туралы анықтама
- соттылығының жоқтығы, салық резиденттігі туралы анықтама
- өзге де ресми құжаттар



Заңдастыру және апостиль қою туралы толығырақ ақпарат осы сілтеме арқылы қолжетімді

Әкімшілік құқық бұзушылықтар

Шетелдікке қатысты (ҚР ӘҚБтК 517-бабы)

Құқық бұзушылықтың түрі	Мемлекеттік баж
<p>Заңда белгіленген мерзімде елден уақтылы кетпеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> • 3 күнге дейін • 3-тен 5 күнге дейін • 5-тен 10 күнге дейін • 10 күннен жоғары 	<ul style="list-style-type: none"> • ескерту • 10 АЕК • 15 АЕК • 25 АЕК (немесе елден шығару)
Жаза қолданылғаннан кейін де бір жыл ішіндегі қайталама бұзушылық	15 АЕК (немесе елден шығару)
Еңбек қызметін жұмыс рұқсатынсыз жүзеге асыру (қажет болған жағдайда), жүзеге асырылатын қызметтің визада көрсетілген мақсаттарға сәйкес келмеуі	25 АЕК (10 күнге қамауға алу, немесе елден шығару)

Қабылдаушы тұлғаға қатысты (ҚР ӘҚБтК 518-бабы)

Құқық бұзушылықтың түрі	Мемлекеттік баж
Көші-қон қызметін шетелдік азаматының болуы туралы уақтылы хабардар етпеу, сондай-ақ шетелдік азаматтарының болу құқығына құжаттарды ресімдеу және олардың ҚР-нан уақтылы кетуіне байланысты шараларды қолданбау	<ul style="list-style-type: none"> • 10 АЕК / шағын кәсіпкерлік субъектісі • 15 АЕК / орта кәсіпкерлік субъектісі • 20 АЕК / ірі кәсіпкерлік субъектісі
Жаза қолданылғаннан кейін де бір жыл ішіндегі қайталама бұзушылық	<ul style="list-style-type: none"> • 40 АЕК / шағын кәсіпкерлік субъектісі • 70 АЕК/ орта кәсіпкерлік субъектісі • 100 АЕК/ ірі кәсіпкерлік субъектісі • шақыру хаттарын ресімдеуге тыйым салу

АЕК 2024 жыл - 3 692 теңге

Нормативтік-құқықтық база

Көші-қон дайджестіндегі ақпарат 2024 жылғы қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының мынадай нормативті - құқықтық актілерінің негізінде дайындалды:

- 1) "Халықтың көші-қоны туралы" ҚР Заңы
- 2) "Шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайы туралы" ҚР Заңы
- 3) Шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың Қазақстан Республикасына келуіне шақыруларды ресімдеу, шақыруларды келісу, Қазақстан Республикасының визаларын беру, күшін жою, қалпына келтіру, сондай-ақ олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту және қысқарту қағидалары
- 4) Көшіп келушілердің Қазақстан Республикасына келу және болу, сондай-ақ олардың Қазақстан Республикасынан кету қағидалары және көші-қонды бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын заңсыз кесіп өтетін, Қазақстан Республикасының аумағында заңсыз болатын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына кіруге тыйым салынған тұлғаларды есепке алу қағидалары
- 5) Қабылдаушы тұлғалардың өздерінде болатын көшіп келушілер туралы ақпарат беру қағидалары, сондай-ақ шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік жол жүруі қағидалары
- 6) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" ҚР кодексі

WPK компаниясы туралы

WPK компаниясы 2002 жылы құрылған сәттен бастап Қазақстандағы визалық- көші-қон қызметін ұсынуға маманданған.

Біз шетелдік азаматтарға, инвесторларға, елшіліктерге және халықаралық компанияларға ҚР-на келу және болу мәселелері бойынша кеңес береміз және қолдау көрсетеміз.

WPK компаниясы “BeNeLux сауда палатасы” және CCI France Kazakhstan қауымдастықтарының мүшесі, Fragomen және Newland Chase серіктесі болып табылады.

Біздің клиенттер



Біз өз клиенттеріміз үшін мемлекеттік орган өкілдерімен және өзге де құзыретті тұлғалармен бірлесіп тұрақты түрде конференциялар мен іскерлік кездесулер өткіземіз.



Дайджесттің соңғы бетіндегі ақпараттар арқылы бізбен байланысқа шыға аласыз.

WPK



Біздің жұмыс туралы
пікірлер мына жерде
қолжетімді

АЛМАТЫ

Анель Саулен
кеңсе басшысы
тел.: +7 (771) 786-80-25
e-mail: anel.s@wpk.kz

АСТАНА

Алия Удербаета
кеңсе басшысы
тел.: +7 (701) 767-38-79
e-mail: aliya.u@wpk.kz

АТЫРАУ

Айсана Акимбаева
кеңсе басшысы
тел.: +7 (701) 951-27-69
e-mail: aisana.a@wpk.kz

